



НОРВЕГИЯНЫҢ  
«БАЙЛЫҒЫ»

→2



«ҚАЙРАТТЫҢ»  
ТАС-ҚАМАЛ ҚОРҒАУШЫСЫ  
НҰРӘЛІ ӘЛІП РЕСЕЙЛІК  
КОМАНДАҒА АУЫСА МА?

→3



БЕЙЖІНДЕ ӨТЕТІН XXIV  
ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА  
ОЙЫНДАРЫНЫҢ  
ТРАНСЛЯЦИЯ КЕСТЕСІ

→8

# ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы  
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық  
апталық

qazaqsporty.kz

№3 (5354)  
3 ақпан 2022 жыл

Газет бейсенбі  
күні шығады

kazakh\_sporty@mail.ru

Қ.ТОҚАЕВ:

## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА, ОНЫҢ ІШІНДЕ АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ  
БАЛАЛАР СПОРТЫН ДАМУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ  
«ХАБАР» ТЕЛЕАРНАСЫНА БЕРГЕН СҰХБАТЫ

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақыт бөліп, қазақстандық БАҚ өкілі ретінде маған Сізге көп рахмет. Өйткені мен Ақордаға сирек келетін, арнайы пұлдың құрамына кірмейтін журналистмін. Соған қарамастан, осындай мүмкіндікке ие болып отырмын. Бұл үшін алғысым шексіз...

– Шын мәнінде, кейінгі кезде сұхбат алу жөнінде маған отандық және шетелдік телекомпаниялардан көп өтініштер түсіп жатыр. Олардың бәрінен бас тарттым. Тек «Хабар» телеарнасына, соның ішінде президенттік пулға кірмесеміз де, Сізге ғана мүмкіндік беріп отырмын. Кәсіби мамансыз. Бүгін өте тұщымды әңгіме болады деп сенемін.

– Бүгін, шын мәнінде, тарихи сәт. Себебі бәрімізді әлі де аялдататын отырған «Қасіретті қаңтар» оқиғасынан кейін алғаш рет отандық БАҚ өкіліне сұхбат бергелі отырсыз. «Енді бар. Мен сол оқиғалар кезінде өзімнің сүйікті қалам – Алматыда, демалыста едім. Яғни болған оқиғаның бәрін өз көзіммен көрдім десем де болады. Расында, терзегенің арғы жағында жарылған граната ма әлде «Калашниковтың» кезекті оқ жаудыруы ма айыра алмадық. Бәріміз бұл сұлдықтың маңызын біреу айтқанға дейін біраз уақыт өтсе де, көпшіліктің көкейінде көп сұрақ қалды. Әркім



әртүрлі айтып, сан-саққа жүгірмеді. Бұл, шын мәнінде, бұзақылыққа ұласып, бақылаусыз алтын жоспарланған мемлекеттік төңкеріс пе? Шын мәнінде не болды?

– Бұл – алдын ала жоспарланған қастандық әрекет. Наразылықта бейбіт митингілерден басталып, соның бұзақылыққа, тонаушылыққа ұласты. Осы оқиғалар – кәсіби адамдардың ойластырған және мысқыл операциясы. Әуелі жұртшылық бейбіт митингке шықты. Демонстранттарға қарсы күш

қолданылған жоқ, қолданылуы да мүмкін емес еді. Келесі лекпен олардың орнына жай ғана бұзақылыққа ұласып, тас лақтырып жүрген жастар келді. Артынша үшінші толқын жалғасты. Бұлар арнаулы дайындықтан өткен кәсіби бұзақылар басқарған тонаушылар, кісі өлтірушілер, зоналық саушылар еді. Содарлар күшті органдар ғимараттарының орналасқан жерін өте жақсы білген жасалды. Ланкестерді материалдық құндылықтар қызықтырған жоқ, оларға қылмыстық істер,

құқық қорғау қызметкерлерінің жеке құжаттары керек болған. Яғни бұның өте мұқият ойластырылған, террористік операция екені анық. Өзіңіз білесіз, олар Алматының әуежайына шабуыл жасады. Қазір тергеу амалдары барысында әуежайды Орталық Азиядағы қалалардың бірінен ұшырап келген адамдарды күтіп алу үшін әдейі басып алғаны анықталып жатыр. Сырттан келгендер – арнайы дайындалған дидерлері.

→4-5

БЕЙЖІН-2022

## АЯУЛЫМНЫҢ ЕКІНШІ ОЛИМПИАДАСЫ

АЯУЛЫМНЫҢ АТА-АНАСЫ СЕРІК ӘМІРЕНОВ ПЕН ГАУҒАРИЯ КЕҢЕСБЕКҚЫЗЫ – ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ ТУМАЛАРЫ. БЕРТІН КЕЛЕ ОЛАР ӨСКЕМЕНГЕ ҚОНЫС АУДАРДЫ. СЕРІК ПЕН ГАУҒАРИЯ ҚЫЗДАРЫ АЯУЛЫМНЫҢ СПОРТҚА ДЕГЕН БЕЙІМІ МЕН ҚҰШТАРЛЫҒЫН БАЙҚАМ СОҒ ФРИСТАЙЛДЫҢ МОГУЛ ТҮРІНЕ БЕРДІ.

Спорттың бұл түрі аса қауіпті, күрделі. Бастапқыда оңай болмады. Анасы қызының киналып жүргенін сезіп, «Қызым, спорттың басқа түріне ауыссаң қайтеді?» дегенде қайсар қыз: «Жок, фристайлдан айырылмаймын», деді.

Иә, оңай болмады. Серік пен Гауғария қыздарын таңның елең-алаңынан қаладан тоғыз шақырым жердегі тауға жаттығуға апарды. Одан кейін сабақтан қалмау керек.

Алғашқы бапкері С.Аксенов, одан кейінгі ұстазы В.Соколовтың жаттықтырушы болды, білгендерін жалықпай үйретті. Ата-анасы, қысқасы, Аяулымның биік нәтижеге жетуі үшін 17 жылдан бері қыздарымен бірге тер төгіп келеді. Шіркін, кез келген ата-ана балаларының спортқа шабыстығын танытқанда, Олимп шыңын бағындырған қазақ қыздары молая түсер еді-ау деген ойға қаласыз.

Пхенчхан Олимпиадасына бару үшін Аяулым талай сыннан мүдірмей отты. Финляндияның Рука, Қытайдың Тайбэй, Канада мен АҚШ-тың бірнеше қаласында өткен Әлем кубогы кезеңдеріне қатысты. Мұның алдында ол Аустрияның Кришпел қаласында өткен Еуропа кубогының кезеңінде екі бірдей алтын медаль иеленді. Швейцарияның Прато Леонтино қаласында жалау желбіреген кубок жарысында да жеңіс тұғырына көтерілді. Сол жолы Аяулым 3 алтын, 1 күміс, 1 қола медаль иеленіп, Еуропа кубогының бас жүлдесі мен Хрусталь кубокты иеленді.

Аяулымның Пхенчхандағы өнерін әкесі Серік екеуі бірге тамашалаған едік. Қанхата қатайып, тәжірибесі молайған қазақтың қаршадай қызы жаман нәтиже көрсеткен жоқ. Алғашқы жиырмалықтан ойып тұрып орын алды. Елге оралған соң оқуын жалғастырды. Орта мектепті алтын медальмен бітіріп, Алматыдағы Қазақ спорт және туризм академиясына оқуға түсті. Алматының екінші Ақ Олимпиадасына бару үшін де «тар жол, тайғақ кешуден» өтті. Еуропа мен мұхиттың ар жағындағы Әлем кубоктарына қатысып, ұпай жинай берді. Жуырда Қазақ елі атынан Қытайда өнер көрсетуге жолдама алған бес саңлақпен бірге аттанып кетті.

– Аяулым саби кезінен өжет, алғыр болып өсті. Ол домбыра, би үйірмелеріне де қатысты. Ағылшын тілінде еркін сөйлейді. Кеше бізбен сөйлесті, олар тұрып жатқан жер сәл салқындау болса да, спортшыларға барлық жағдай жасалған екен. Тәртіп қатал, қытайда керек дегенді айтты. «Фристайл могулдан әріптестерім кайткенде де бір медаль алуға тырысады», деді. Қызым ғана емес, Қазақ елінің барлық спортшысына табыс тілеймін. Өттең, пандемия болмағанда Аяулымға Бейжіңге барып, жанкүйер болар едім, – дейді С.Әміренов.



Оңдасын ЕЛУБАЙ,  
«Қазақ спорты» газетінің Шығыс Қазақстан  
облысындағы меншікті тілшісі

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БЕЙЖІНГЕ БАРАДЫ

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БЕЙЖІНДЕ ЖАЛАУНЫҢ КӨТЕРЕТІН ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ БЕРІК УӘЛИ МӘЛІМДЕДІ:

«Ақпанның 4-5 күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен

XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысу үшін Бейжің қаласына жұмыс сапарымен

барады. Сонымен қатар сапар барысында Қазақстан Президенті мен Қытай Төрағасы екіжақты келіссөз жүргізеді деп жоспарланған».

Бейжің олимпиадасы 4 ақпанда басталады. Оған келімізден 34 спортшы спорттың сегіз түрінен бақтары сынайды.

## БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ,  
Бокстан өлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

## ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары:	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	664,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
	Жеке жазылушылар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл

«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	

«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	

«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

## ЭЛЬМИРА – ГРАН-ПРИ ЖАРЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ!



кен үшін қиынға түскен жоқ. Басты бәсекелесін жартылай финалда жеңген Эльмира бас жүлде үшін болған белдесуде беларусь балуаны Ксения Дзубукты 15:4 есебімен ойсырата жеңді.

### ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІНЕН РИО ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ ЭЛЬМИРА СЫЗДЫҚОВА ИВАН ЯРЫГИН АТЫНДАҒЫ ГРАН-ПРИ ТУРНИРИНДЕ ТОП ЖАРДЫ.

Иван Ярыгин атындағы Гран-При бәсекесі жыл сайын Красноярск қаласында өтеді. Дәстүрлі турнирде биыл еліміздің еркін және әйелдер күресі құрамасы қатысты. Өкінішке қарай, жігіттер жағы жүлдесіз қайтты.

Әйелдер арасындағы сайыста 76 келіде ел намысын қорғаған Эльмира Сыздықова іріктеу кезеңінде қарсылас шақ келтірмеді. Жартылай финалда ол ресейлік Марина Силинаны сан соқтырды. Силина осы турнирде бас жүлдеден басты үміткер спортшылардың бірі болатын.

Финалдың белдесуі қазақстандық бойжеткен үшін қиынға түскен жоқ.



## НОРВЕГИЯНЫҢ «БАЙЛЫҒЫ»

### ҚАТАРЫНАН ҮШ ОЛИМПИАДАДА НОРВЕГИЯНЫҢ НАМЫС ТУЫН БИІК ҰСТАҒАН БЬОРН ЭРЛЕНД ДЭЛИ ТЕК НОРВЕГИЯЛЫҚТАРДЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ШАҒҒЫ СПОРТЫНА ДЕН ҚОЙҒАН ҚАЗАҚ ҰЛАНДАРЫ ҮШІН ҮЛГІ ТҰТАР САҢЛАҚТЫҢ БІРІ, ӘРІ БІРЕГЕЙТ.

Қысқы спорт түрлерінен алдына жан салмайтын Норвегия елі талай-талай мықты спортшыларды өмірге әкелді. Бьорн Дэли, Томас Ольсгорд (шаңғышылар), Иван Баллангруд, Юхан Олав Косс (конькишілер), Уле Эйнар Бьорндален (биатлон) және Хьетиль Андре Омотт (тау шаңғысы) сынды шеберлер шыққан өлкеде Бьорн Дэлидің есімі өзгелерден биік тұр. Неге? Өйткені, Бьорн Дэли – шаңғы жарысынан ерлер арасында сегіз мәрте Олимпиада чемпионы атанған жалғыз спортшы. 1967 жылғы 19 маусымда дүниеге келген Б.Дэли Олимп шыңын сегіз рет бағындырып қана қоймай, әлемнің тоғыз дүркін чемпионы атанды.

Бьорн Дэли Олимпиаданың алғашқы алтын медаліне 1992 жылы Францияның Альбервилль қаласында қол жеткізді. Бұдан кейін ол командаластарымен бірге 4x10 шақырымдық эстафетада жеңіске жетті. Сондай-ақ 50 шақырымдық сында көмбеге бірінші келіп, бір ғана Олимпиадада үш бірдей алтын медальға ие болды.

Норвегиялық шаңғышының жеңісті жолы арада екі жыл өткен соң Лиллехаммердегі Олимпиада ойындарында жалғасты. Туған жерінде тұсауы кесілген Олимпиада ойындарында Бьорн Дэли аянып қалған жоқ. 10 шақырымдық қашықтықта мәреге бірінші келген норвег спортшысы 25 шақырымда да оза шапты. Бірақ норвегиялық шаңғышылардың өз жерінде өткен Олимпиаданың эстафеталық жарысында жолы болмады. Бьорн Дэли бастаған Норвегия құрамасы итальяндықтарды алға жіберіп, күміс жүлдені қанағат тұтты.

Екі Олимпиадада бес алтын медаль еншілеген норвегиялық шаңғышы Нагано (Жапония) олимпиадасында 3 мәрте топ жарды. Алдымен өзінің үйреншікті 10 шақырымда жеңіске жетсе, одан кейін эстафеталық жарыста (4x10), артынша 50 шақырымдық қашықтықта бірінші келді. Жалпы, 50 шақырымдық қашықтықты екі бірдей Олимпиада ойындарында бағындырған спортшылар екеу-ақ. Бірі – швед шаңғышысы Сикстен Йернберг болса, енді бірі – осы Бьорн Дэли. Олимпиада ойындарында төрт мәрте чемпион атанған швед шаңғышысы 50 шақырымды 1956 жылы Кортина д'Ампеццо (Италия) өткен Олимпиада ойындарында және 1964 жылы Инсбруктегі (Аустрия) Олимпиадада бағындырған болатын.

Бір қызығы, Олимпиада ойындарында сегіз мәрте чемпион атанған Бьорн Дэли еліміздің мақтанышы, Олимпиада жеңімпазы Владимир Смирновтың басты қарсыласы болды. Мәселен, 1994 жылғы Лиллехаммердегі Олимпиада ойындарының 10 шақырымдық жарыс жолында Владимир Смирнов Бьорн Дэлиді алға жіберіп, мәреге екінші болып келді. 25 шақырымда да Владимир Смирнов норвег спортшысынан ұтылды. Нәтижесінде, скандинавиялық шаңғышы бас жүлдені иеленді. Отандасымызға күміс медаль бұйырды. Бьорн Дэлидің Владимир Смирновты жерге қаратып кеткені тек бұл емес. Мұның алдында, дәлірек айтсақ, 1993 жылы Швецияда өткен әлем біріншілігінде 15 шақырымға жарысқан спортшылардың арасынан Бьорн Дэли мәреге тағы да бірінші болып жетті. Владимир Смирнов болса, мәреге Бьорн Дэлиден кейін келді.

Бьорн Дэли 1999 жылы жарақатына байланысты спорттан қол үзді. 2001 жылы үлкен спорттан кеткенін ресми түрде мәлімдеді. 1995 және 1998 жылдары Норвегияның ең үздік спортшысы атанған Б.Дэли қазіргі таңда өзінің жеке кәсібімен айналысады.

Осыдан төрт жыл бұрын Бьорн Дэлидің көрсеткішін отандасы Марит Бьёрген қайталады. Пхенчханда өткен Олимпиадада ойындарында норвегиялық бойжеткен екі алтын медаль жеңіп алып, өзінің спорттық карьерасында сегіз дүркін Олимпиада чемпионы атанды.

Қысқы спорт түрлеріне келгенде Норвегияға қызыға да, қызғана да қарайсың. Шаңғы спортынан ерлер арасында сегіз дүркін Олимпиада чемпионы болса, ол Норвегия ұланы – Бьорн Дэли. Сол сияқты әйелдер арасында да сегіз дүркін Олимпиада чемпионы атанған жалғыз спортшы болса, ол да Норвегия елінің мақтанышы Марит Бьёрген. Биатлон спортына бойласаң ол жақтан да Норвегия спортшысы мен мұңдалайды. Атақты Уле Эйнер Бьорндален – биатлоннан сегіз дүркін Олимпиада чемпионы. Қысқасы, Бьорн Дэли, Марит Бьёрген, Уле Эйнер Бьорндален – бір елдің бағына біткен байлығы десек болады.



Бетті дайындаған – Едіге ОРАЗ

## ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА КІМДЕР БАРАДЫ?

### НАУРЫЗДЫҢ 18-20 АРАЛЫҒЫНДА СЕРБИЯНЫҢ БЕЛГРАД ҚАЛАСЫНДА ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН ЖАБЫҚ КЕШЕНДЕГІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТЕДІ.

Қазақстан жеңіл атлетика федерациясының баспасөз қызметінің хабарлауынша, Сербия астанасындағы әлемдік жарысқа қатысатын екі спортшымыздың есімі белгілі. Олар – Надежда Дубовицкая мен Давид Ефремов. Федерация өкілдерінің айтуынша, әлем чемпионатында өнер көрсететін өзге де спортшылар халықаралық жарыстардағы нәтижелері бойынша іріктеліп алынады. Яғни, спортшыларымыз әлемдік қауымдастық бекіткен арнайы нормативті орындаулары тиіс. Бас бапкер Дмитрий Карповтың мәлімдеуінше, біздің қыз-жігіттердің алғашқы іріктеу жарысы Өскеменде өтетін О.Рыпакова атындағы халықаралық жарыс болмақ. Жалпы әлем чемпионатына іріктеу кезеңі 7 наурызға дейін жалғасады.



## СЕМСЕРШІЛЕРДІҢ СӘТСІЗДІГІ

### ҚАТАРДЫҢ ДОХА ҚАЛАСЫНДА СЕМСЕРЛЕСУДЕН БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСЫ ӨТТІ. АЛЕКСЕЙ ПИСЦОВ БАПТАЙТЫН ЕЛІМІЗДІҢ ҚҰРАМАСЫ БҰЛ СЫННАН ЖҮЛДЕСІЗ ҚАЙТТЫ.



Қатар астанасында семсерлесу шеберлері Гран-при жарысының жүлделерін сарапқа салды. Өкінішке қарай, қазақстандық спортшылар 1/8 финалдан ары аса алмады.

Үздік нәтиже көрсеткен спортшыларымыздың бірі – Руслан Құрбанов. Ол 1/8 финалға дейін еркін жеткенімен ширек финалдық жолдаманы сарапқа салу сәтінде француз Янник Борельден ұтылып қалды. Айта кетерлігі, француз жігіті Гран-при жарысының жеңімпазы атанды.

Қалған спортшылардың нәтижелеріне келсек, Эльмир Әлімжанов 16-орынға тұрақтады. Ерлік Сертай 68-орыннан көрінді. Никита Жулинский 109-шы, Кирилл Павлов 120-орынға ие болды. Жарысқа барлығы 165 спортшы қатысты.

## АННА АЛҒА ЖЫЛЖЫДЫ

### ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТЕННИС АССОЦИАЦИЯСЫ ДҮЙСЕНБІ КҮНІ ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТІ ЖАҒАРТТЫ. АУСТРАЛИЯ АШЫҚ БІРІНШІЛІГІНЕН КЕЙІН ТҮЗІЛГЕН ТІЗІМДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АННА ДАНИЛИНА 28 САТЫҒА БІР-АҚ КӨТЕРІЛДІ.

Анна Данилина Аустралияның ашық біріншілігінде жұптық сайыстың финалына шыққан болатын. Бразилиялық бойжеткен Беатрис Майямен бірге өнер көрсеткен отандасымыз финалда чех қыздарынан ұтылып қалды. Дегенмен осы нәтижеден кейін Анна жұптық рейтингте 25-орынға тұрақтады. Ол осыған дейін 53-орында болған.

Жекелей сайысқа келсек, ерлер арасында Новак Джокович бірінші орнын сақтап қалды. Аустралиядағы турнирдің финалында ойнаған ресейлік Даниил Медведев екінші, Александр Зверев (Германия) үшінші орында тұр. Қазақстан теннисшілерінің ішінде ең жоғары тұрған Алсанлр Бублик – 35-орын.

Қыздар арасында аустралиялық Эшли Барти көш бастап тұр. Ол өткен аптада ғана Аустралияның ашық турнирінде топ жарды. Екінші орында Беларусь бойжеткені Арина Соболенко. Үздік үштікте чех теннисшісі Барбара Крейчикова.

Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина әзірге 12-орында. Юлия Путинцева 42-ші, Зарина Дияс 118-орында.



## ДАУРАНОВА – КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

### ГЕРМАНИЯНЫҢ ИНСБУРК ҚАЛАСЫНДА КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУДЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА 1000 МЕТРГЕ ЖАРЫСУДА ОТАНДАСЫМЫЗ АЛИНА ДАУРАНОВА КҮМІС МЕДАЛЬҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗІП, ЕЛ МЕРЕЙІН ӨСІРДІ.

Сонымен қатар, А.Дауранова бастаған Қазақстан құрамасы командалық сайыста қола медальға ие болды. Бас жүлдені Нидерланд конькишілері еншіледі. Күміс жүлде корей спортшыларында.



# «ҚАЙРАТТЫҢ» ТАС-ҚАМАЛ ҚОРҒАУШЫСЫ

## НҮРӘЛІ ӘЛІП РЕСЕЙЛІК КОМАНДАҒА АУЫСА МА?

**РЕСЕЙДІҢ БІРНЕШЕ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ «ЗЕНИТ» ФУТБОЛ КЛУБЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОРҒАУШЫ НҮРӘЛІ ӘЛІПТІ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНДАРЫНА ШАҚЫРДЫ. 22 ЖАСТАҒЫ ОТАНДАСЫМЫЗ БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНДЕ ӨТКЕН ЖИЫНҒА ҚАТЫСТЫ. ЕНДІ ПОРТУГАЛИЯДАҒЫ ЕКІНШІ ЖАТТЫҒУ ЖИЫНДАРЫНА ДА БАРАДЫ.**



Соңғы жылдары Санкт-Петербург клубы мен «Қайраттың» арасында жақсы байланыс орнатылған. Бұл бірінші кезекте «Қайрат» футбол клубының басшысы Қайрат Боранбаев пен «Зениттің» басты демеушісі «Газпром» басшылары арасындағы қарым-қатынас. Соның арқасында 2018 жылы Петербургте «Зенитпен» жолдастық кездесу өткізді. «Зенитте» ойнаған Андрей Аршавин, Анатолий Тимощук сынды тискақан футболшылары «Қайратпен» келісім-шарт жасап, біраз жыл оңтүстік астанамызда доп тепті.

2020 жылы «Қайрат» командасының капитаны болған Бауыржан Исламхан да «Зениттің» оқу-жаттығу жиындарына шақырылып, кейіннен Араб Әмірлігінің командасына ауысты.

### ӘКЕ-ШЕШЕСІНЕН ЕРТЕ АЙЫРЫЛДЫ

Нұрәлі Әліпті Алматының тумасы деп ойлайтындар бар. Шын мәнінде ол Ақтауда дүниеге келген. 2015 жылы «Қайраттың» «скауттары» жас футболшының ойынын жоғары бағалап, Алматыға алдырды.

Нұрәлі «Каспий» клубында шабуылшы болды. Ал қорғаныс шебінде ойнауды тек «Қайратқа» келгеннен кейін үйрене бастады. Мұның себебін сол кездегі «Қайрат» академиясының жаттықтырушысы Дмитрий Галямин былай түсіндірген: «Неліктен біз оны қорғаушы еттік. Өйткені, Әліптің физикалық көрсеткіштері жақсы. Баспен тәуір ойнайды, техникасы да бар. Оның үстіне алаңда әрбір допка соңына дейін таласады. Үлкен футболда орталық жартылай қорғаушы болып ойнау өте қиын. Сондықтан физикалық көрсеткіштеріне қарап, қорғанысқа ауыстырдық. Кейіннен ол бұл шепте Қазақстандағы ең мықты футболшылардың біріне айналды».

Футболшының алғашқы бапкері

соқты. Сол жылы алматылық команда Қазақстан кубогын жеңіп алды.

### БОЛАШАҒЫ ЗОР ФУТБОЛШЫ

22 жастағы қорғаушы кәсіби деңгейде төрт жылдан бері ойнап жүр. Осы күні «Қайрат» пен Қазақстан құрамасының негізгі қорғаушысы. Ел біріншілігінде топ жарып, еурокубокта тәжірибе жинақтаған. Енді өз күшін басқа чемпионатта сынауға жақын тұр.

Ресейлік футбол сарапшысы Денис Сафронов бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында Нұрәлі Әліп турады былай дейді:

«Нұрәлі Әліптің ойынына баға беруге әлі ертерек. Оның үстіне Ресей чемпионаты Қазақстанға қарағанда деңгейі жоғары. Сондықтан кез келген қорғаушы ға Ресей премьер-лигасында ойнау қиынға түседі. Тәжірибесі мол Ракицкий, Ловрен және жастардың арасында Чистяков пен Круговоймен бәсекелесу керек. Дегенмен, Нұрәлі өте салқынқанды. Жылдамдығы да бар. Алғы шепке пас шығарып, шабуылшыларды қамшылай біледі. Баспен де жаман ойнамайды. Мен оны ЦСКА-дағы Игорь Дивеевтің ойынына ұқсатамын...».

«Қызыл-Жар» бапкері Андрей Карповичтің айтуынша, қазақстандық қорғаушы қазіргі кезде Ловрен мен Ракицкийден бірнеше аспекті бойынша жоғары тұрғанын айтады.

«Әліп өте жылдам футболшы. Әрі жас. Болашағы бар. Бірақ тәжірибелі ойыншылармен бәсекелес тұрғысынан қиындық тудырады. Нұрәлінің карьерасы енді басталып жатыр. Әліпті «Зениттің» оқу-жаттығу жиынына шақыруы мен үшін тосын сый болған жоқ. Ол дәл қазіргі таңда еліміздің ең үздік қорғаушыларының бірі», дейді Андрей Карпович.

Айтпақшы, 2018 жылы Әліп Андрей Карповичтің жаттықтыруымен Қазақстан кубогында топ жарды.

Былтырғы жылы футболшы 19 халықаралық матчқа қатысты. Оның ішінде 13 ойынды еурокубокта өткізген. Сосын ұлттық құрамамен 6 ойында доп тепті.

Енді «Зенитпен» Португалиядағы екінші оқу-жаттығу жиынына аттанып барады.

Ержан Жамбыров шәкіртінің басты артықшылығы ретінде мінезі мен алаңды жақсы көре білетінін, кез келген сәтте ойынды ұйымдастырып кете алатындығын айтты.

«Нұрәлінің он жасында әкесі, он екі жасында анасы қайтыс болған. Тағдырының қиын болғанына қарамастан ол өзінің мінезінің арқасында осындай дәрежеге жетті», дейді Е.Жамбыров.

Нұрәлі Әліп «Қайрат» сапында алғашқы ойынын 18 жасында өткізді. 2018 жылы Қазақстан премьер-лигасының алғашқы турында алаңға шықты. Бойы ұзын орталық қорғаушы екі аптадан кейін ұлттық құрамаға шақырылды.

Сол кезде ұлттық құраманың бас бапкері болған Станислав Стоилов бұл футболшыға берілген «аванс» деп айтқан.

«Мен Әліптің бір ғана ойынын көрдім. Бірден шақырту жібердім. Бұл оған берілген «аванс». Оның бойында негізгі құрамның футболшысы атануға барлық қабілет бар. Жалпы, Нұрәлі Әліп – Қазақстан футболшының болашағы», – дейді болгариялық бапкер.

Әліп «Қайратта» өткізген алғашқы маусымда 21 ойынға қатысып, 1 гол



# ЭМОЦИЯ ДА, КҮШ ТЕ ҚАЛҒАН ЖОҚ

**КОМАНДАЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДА ҰЯЛМАЙ КӨРСЕТЕТІН ЖАЛҒЫЗ КОМАНДАСЫ ДЕП ЖҮРГЕН ФУТЗАЛДАН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫН ШИРЕК ФИНАЛДАН АЯҚТАДЫ.**



Кака жаттықтыратын ұлттық құраманың бұған дейін Нидерланд елінде өтіп жатқан құрлық біріншілігіне қатысып жатқанын жазғанбыз. Ол кезде В тобындағы алғашқы екі ойында 4 ұпай жинаған болатын. Одан кейін топтағы үшінші матчта жерлестеріміз Италия құрамасын 4:1 есебімен жеңген. Бір өкініштісі, осы матчта құраманың екі үздігі Эдсон мен Тайнан сары қағаз алып, ширек финалдағы ойынға қатыса алмады.

Ессесіне Шыңғыс Есенаманов пен Альберт Ақбалықов көмекке келген. Осы екеуі топтық кезеңнің соңғы екі кездесуіне қатыса алмаған еді. Қалай десек те Тайнан мен Эдсонның орны қатты білінді.

Бас бапкер Рикардо Кака алғашқы бестікке Италиямен ойында бірінші минуттан шыққандардан тек біреуін өзгертті. Яғни сары қағазына байланысты қатыса алмаған Тайнанның орнына Арнольд Кнаубка сенім артты.

Қазақстан Украинамен бұған дейін 6 кездесу өткізіп, бір де біреуін жеңбеген. Осы серия бұзыла ма деп үміттенгенбіз. Алайда тағы да сәттілік қарсылас жағында болды.

Бәрін басынан бастасақ, 15-минутта қарсылас команда есепті ашты. Біздің құраманың шабуылшысы Азат Валиуллин айып алаңында тәртіп

бұзып, төреші пенальти белгіледі. Нүктеге келген Петр Шотурма мүлт кеткен жоқ. Ал 25-минутта Корсун допты Игитаның басынан асыра салып, екінші голды соқты. Арада 5 минут өткенде Михаил Зварич үшінші доптың авторы атанып, кездесудің тағдырын шешкендей болған. Дегенмен, Қазақстан құрамасы соңына дейін үміттерін үзбей, есеп айырмасын бір допка дейін қысқартты. Алдымен Біржан Оразовтан пас алған Дуглас мергендік танытты. Одан кейін Оразовтың өзі де көзге түсті. Кака бапкер тәуекелге барды. Қақпашыны бесінші ойыншымен ауыстырды. Бірақ бұл шешім өз жемісін берген жоқ. Украина қақпа бос тұрғанда тағы екі гол кіргізді. Қорытынды есеп – 3:5.

Матчтан кейін бас бапкер Кака жартылай финалда ойнауды армандадық, енді барлығын саралау керек деді. Сосын бұл жеңіліске байланысты жауапкершілікті өз мойнына алатынын жеткізді.

Ал команда капитаны Игита жасы 35-ке келгенін, карьерасы аяқталуға жақын екенін айта келе, Еуропа чемпионатын әлі де ұтуды армандайтынын мәлімдеді.



### ҚАЗАҚСТАН – УКРАИНА – 3:5

**Голдар:** Шотурма, 15 (0:1). Корсун, 25 (0:2), Зварич, 30 (0:3). Дуглас, 34 (1:3). Оразов, 38 (2:3). Разуванов, 39 (2:4). Лебедь, 39 (2:5). Оразов, 40 (3:5).

**Қазақстан:** Игита (К), Атантаев, Кнауб, Тұрсағұлов, Дуглас, Оразов, Қарағұлов, Валиуллин, Ақбалықов, Есенаманов, Тоқаев, Сағындықов.

**Украина:** Ципун, Савенко, Чернявский, Корсун, Шотурма (К), Зварич, Радевич, Разуванов, Лебедь, Серый, Абакшин, Журба, Педяш.

**Төрешілер:** Галларда, Мартинес Флорес (екеуі де – Испания).

# ДӘСТҮРЛІ ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДА ӨТТІ

**ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГГРАЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ПРОФЕССОРЛАР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ДӘСТҮРЛІ «ДЕНСАУЛЫҚ» ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДАСЫ БИЫЛ ДА ӨЗ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ.**

Дәстүрлі спорттық іс-шараның мақсаты – дене шынықтыру және спорттың көмегімен саламатты өмір сүру салтын насихаттау, оқытушылар мен қызметкерлердің спорттық шеберліктерін арттыру. Жалпы аталмыш білім ордасында бұқаралық спортты дамытуға баса көңіл бөлінеді. Осындай мақсаттарды көздейтін қысқы спартакиаданы университеттегі «Жәңгір хан» спорт клубы ұйымдастырды.

Жарысқа университет құрамындағы бес институт пен бөлімдердің командалары қатысты. Командалар спорттың волейбол, футбол, баскетбол, үстел теннисі, жұптық үстел



теннисі, көңілді сөре, пневматикалық қарудан оқ ату, шахмат, дартс, қол күресі, шаңғы эстафетасы, арқан тарту секілді 12 түрінен өзара сайысқа түсті. Жалпы спорттың барлық түрі бойынша 300-ден астам адам жарысқа қатысты.

– Саламатты өмір салтын насихаттау, спорт саласын дамыту – университетіміздегі тәрбие жұмыстарының бір бағытын қамтиды.

Дәстүрлі спартакиада да осы жұмыстардың аясында ұйымдастырылады. Әріптестеріміз осындай спорттық іс-шараларға белсене қатысады, – дейді Жәңгір хан университетінің ректоры Аскар Наметов.

Жұмыстан тыс уақытта спорттық жарыстардан қалыс қалмайтын аға оқытушы Қаржаубай Досов бұл жолы да «Индустриалды-технологиялық институты» командасындағы



әріптестерімен бірге спорттық шеберлігін шыңдады.

– Таза ауада денсаулығымызды нығайтып, спорттық жарыстарға қатыстық. Университетімізде спорттың бірнеше түрімен айналысуға барынша жағдай жасалған, осындай спорттық жарыстар жиі өткізіліп тұрады, – деді ғалым-ұстаз.

Спартакиаданы өткізу барысында санитарлық және карантиндік талаптар

толығымен сақталды. Бірнеше күнге жалғасқан «Денсаулық-2022» спартакиадасының қорытындысы бойынша спорт түрлерінен жүлделі орындарға ие болған командалар «Жәңгір хан» спорт клубының дипломдарымен және сыйлықтармен марапатталды.

**Анар САТҚАН,**

БҚАТУ медиа-орталығының маманы

Қ.ТОҚАЕВ:

## «ҚАЗАҚСТАН

## БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА, ОНЫҢ ІШІНДЕ АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ

← 1

Лаңкестер гастарбайтерлер ретінде ұшып келіп, шекаралық өткізу бекеттерінен кедергісіз өткен. Сөйтіп, қалаға кіріп жоспарлы операцияларды басқарған. Кейін құқық қорғау органдары күш алып, қайта соққы бергенде, тез арада сол Алматы әуежайы арқылы ұшып кеткен. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, бұл – жоспарлы түрде жүргізілген операция. Олардың мақсаты – мемлекеттік институттарды жою, конституциялық құрылымға нұқсан келтіру, түптеп келгенде билікті басып алу. Дегенмен әлі де тергеу жүргізілуде. Бәрі де анықталады.

Енді «Бұған олар қалай қол жеткізді?» деген сұрақ қойғыңыз келіп отырған шығар. Қазір біз ауқымды тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өкінішке қарай, дәл осындай жағдайда құқық қорғау органдарының нақты әрекет ету алгоритмі болмай шыққаны анықталды.

Мен Мемлекет басшысы ретінде командалық штабтық, әскери бірнеше оқу-жаттығу жиынына қатыстым. Бұл жаттығулар шынайы жағдайлар, соның ішінде Алматыда болған оқиғалар кезінде ешқандай пайдаға аспады.

Біздің ұстаныммыз – демонстранттарға қарсы қару қолданбау. Полиция қызметкерлерінде атыс қаруы болған жоқ. Оларда тек дыбысты граната, көзден жас ағызатын газ және сумен атқылайтын техника ғана болды. Бірақ бұл машиналарды қолдана алмады. Себебі бұзақылар тартып алған. Ал содырлар бейбіт демонстранттарға қарсы қару қолданбау жөнінде полиция қызметкерлеріне бұйрық берілгенін білген. Қолдарында тек күрек пен сойыл ғана бар жас десанттар өте қатты зардап шекті. Бұзақылар оларды шешіндіріп, Президент резиденциясына шабуыл кезінде тірі қалқан ретінде пайдаланған. Олар әйелдерді де аямаған, тіпті ешқандай аяушылық сезім болмаған.

Тергеу барысында лаңкестердің қарулы қатығыс кезінде есірткі тұтығаны анықталып жатыр. Қақтығыстардың соңына қарай күштік құрылымдар қару қолданып, содырлардың аяқтарынан атқан. Сол кезде олар жараланып құласа да, ауырынууды білмеген, тіпті сезбеген. Міне, бұл да олардың өте мұқият дайындалып келгенін көрсетеді.

Бұзақылардың көпшілігі Алматыдағы бес жұлдызды қонақ үйде жатқаны анықталды. Олардың ақшасын кім төледі? «Қазақстан» қонақ үйінің бірінші қабатында командалық штабтары орналасыпты. Қазір тергеу жүргізілуде. Бірнеше адам сұрақтарға жауап беріп жатыр. Бұрын, тіпті ойға келмеген деректер ашылууда.

– **Осы мемлекеттік төңкеріс жасау әрекетінің артында кім түр деп ойлайсыз?**

– Оны тергеу анықтайды. Алдын ала ештеңе айтқым келмейді және оным дұрыс болмайды. Әлі атқаратын жұмыс көп. Бір айта кетерлігі, содырлар мен олардың командирлерінің көпшілігі Алматыдан кетіп үлгерген. Бірі ауыл-аймаққа, енді бірі шекарадан өтіп көрші елдерге қашты. Тағы біреулері бет әлпетін өзгертіп бұғып қалды. Сақал-мұрттын қырып, сырты келбетін өзгертіп ел ішінде жүргендері де бар. Оларды тұтқындаса, «біз жай өтіп бара жатқан едік» деп байбалам салып жатыр. Олай болмайды. Алматыдағы тәртіпсіздіктердің ауқымын өзіңіз көріңіз. Ал жеміе-жемке келгенде бәрі де жай жүргінші боп шыға келеді. Әрине, азаматтарды заңсыз ұстау, оларға күш қолдану деректерінің бәрі тексеріледі. Бұл мәселелерге мұқият қарау керек.

– **Әрине, мұның бәрін тексерген жөн. Бірақ қазір құқық қорғау органдарының іс-әрекеттеріне қатысты көп сын айтылып жатыр. Сіз оған назар аударып, Бас прокуратураға тапсырма бердіңіз. Дегенмен әлеуметтік желілерде бейбіт тұрғындарды ұрып-соғып, азаптайды деген жазбалар «желдей есіп» түр.**

– Ондай арыз-шағымдарда асыра сілтеп жібергендер де бар. Әрине, Алматыда болған оқиғаға байланысты алаңдаушылықтарды түсінуге болады. Сондықтан Бас прокуратураға әрбір жағдай бойынша мұқият тексеру жұмыстарын жүргізуді тапсырдым. Бұдан бөлек, белгілі құқық қорғаушы, адвокат Айман Омарова бастаған Қоғамдық комиссия құрылды. Оны бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып білдім. Мен бұл шешімді қолдаймын. Шын

мәнінде, қайғылы оқиғалар кезінде болған жағдайларды жан-жақты тексеру үшін қоғам белсенділерін тартуымыз керек.

Адам құқығы жөніндегі омбудсмен Эльвира Өзімова мен белгілі құқық қорғаушы Жеміс Тұрмағамбетованың уақытша ұстау изоляторларына барып, ұсталғандармен кездесіп, олардың жағдайларын көріп, арыз-шағымдарын тыңдап жүргенін білемін. Бұл өте пайдалы жұмыс деп санаймын. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың құқықтарының бұзылмауына мүдделімін. Әрбір жағдай жіті тексерілуге тиіс екенін тағы да қайталап айтамын.

– **Осы іске жұртшылықтың араласқаны жақсы болған екен. Құқық қорғау органдарына қандай да бір еркіндік берілді. Қалай ойлайсыз, олар асыра сілтеп жібермей ме?**

– Біз бұл мәселеде «Сцилла мен Харибданың» арасынан өткендей болуымыз керек. Ең алдымен, бейбіт азаматтар мен Алматы тұрғындарына қарсы бұзақылық әрекеттерге қатысқан адамдарды табуымыз қажет. Екіншіден, азаматтардың құқықтары бұзылмауға тиіс. Бұл әрекеттерге мыңдаған бұзақы қатысты деп жаңа айттым. Енді аяқ астынан, бәрі «кездейсоқ жүргінші» болып шыға келді. Мен полицияның заңсыз әрекеттерін ақпап отырғаным жоқ. Егер ондай жағдайлар болса, біз міндетті түрде жолын кесеміз. Ішкі істер министрі тиісті ескертпесін алды. Сондықтан мүмкіндікті пайдалана отырып, азаматтарға, Алматы тұрғындарына құқықтарының бұзылмайтынын мәлімдеймін.

– **Жиырма мың террорист болды деген дерекке қатысты сұрақ көп. Олар қайдан келген?**

– Біріншіден, Алматыдағы бұзақылық әрекеттер бір сағат қана болған жоқ. Полиция департаментінің ғимараты үшін жүргізілген соғыс екі түнге созылды. Полицейлер содырлардың барлық шабуылына тойтарыс берді.

Екіншіден, лаңкестер полиция мен әскери қызметшілерді сан басымдығымен алды. Бұл содырлардың өте көп болғанын білдіреді.

Үшіншіден, бандиттер Алматыға полиция блок-бекеттері қойылған жақтан, яғни үш бағыттан келіп, талқандап кетті. Полицейлер орын ауыстырып, қайтадан алаңға жиналған. Тағы да қарусыз еді. Мәселені мәнісі – осында. Енді келіп, бұзақылар аз болды дейді. Шын мәнінде, бұзақылар лек-легімен жүрді. Оларды басқарып жүрген біреулер болды. Бір легі барды да, тонады. Одан соң екіншісі келді.

– **Сіз ескертусіз оқ атуға бұйрық бердіңіз. Бұл шешім АҚШ пен Еуропадағы демократиялық қоғамдастықтың алаңдаушылығын туғызды. Мұндай қатаң шешім қабылдауға не түрткі болды?**

– Жоғарыда аталған жағдай бойынша құқық қорғау органдары басшыларының нақты алгоритмі, іс-қимылы жоспары болмағанын айттым. Істің мән-жайын бағамдай алмадық. Оны ашық мойындауға тиіспін. Құқық қорғау органдарының басшылары өздеріне жауапкершілік алуға жүрексінді. Жігерсіздік танытты. Мен оларға: «Егер маршал Рокоссовский мен маршал Жуков Сталиннен әрбір іс-қимылдары туралы күнде келіп, рұқсат сұрай берсе, соғыста жеңер ме еді?» – дедім. Бұл – нағыз соғыс. Жауапкершілікті мойынға алу керек еді. Осыған орай ашық мәлімдеме жасағанға дейін қарулы содырларға қарсы оқ атуға тиіспіз деп айтқан болатынымын. Мен жауапкершілікті өз мойныма алдым. Ал өз мәлімдемемде мұны қайталадым. Өйткені жауапты адамдар жүрексінді. Дәл осындай жағдайда Мемлекет басшысы жауапкершілікті өзіне алуға тиіс деп ойлаймын. Мен кәсіби дипломатпын. Мұның салдары қандай болатынын білдім. Бірақ мен үшін мемлекеттің мүддесі, азаматтарымыздың қауіпсіздігі бәрінен де маңызды еді. Мен ол кезде Батыстың не дейтіні туралы емес, елімізде тәртіп орнатуды ғана ойлайдым.

– **Жағдайдың шиеленіскені соншалық, Сіз Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгерлік күштерін шақырдыңыз. ҰҚШҰ-ның бітімгерлік операциясы сәтті жүзеге асырылғанынан кейін «Владимир Путинге «қарыздар» болып қалды, енді бірқатар мәселе бойынша оның талانتарына келісуге мәжбүр болады» деген пікірдің бар екені жасырын емес. Мұндай пікірлер Ресейде де, Батыста да айтылып жатыр.**



– Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – біздің ортақ ұйымымыз. Қазақстан – осы ұйымға мүше. 1992 жылы оны құруға аталыстық. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев тиісті бастама көтерді. Сондықтан мен бөтен адамдардан емес, ҰҚШҰ-ны көмекке шақырдым. Демек мен өзіме, яғни одақтасарымызға жүгіндім.

Екіншіден, ҰҚШҰ бітімгерлік күштерін тарту ісі осы ұйымның келісілген құжатына сәйкес орындалды. Сондықтан бұл заңды деп санаймын.

Үшіншіден, Қазақстанға келген ҰҚШҰ бітімгерлік контингенті бірде-бір оқ атқан жоқ. Бітімгерлік күштер стратегиялық нысандарды ғана күзетеді, қалған мәселені өзіміз шешеміз. Бізге тыл керек деп ең басында келісілген болатын.

Төртіншіден, Қазақстанға бітімгерлік күштердің келгені туралы ақпарат психологиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарғанын, бұзақылардың зәре-құтын қашырғанын түсінген жөн. Мұның үлкен күш екені түсінікті. Айтпақшы, бұл біріккен бітімгерлік контингент. Оның құрамында Ресейден бөлек Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстан елдерінің әскери бөлімдері де болды.

Ал енді «қарыздар» және тағы да басқа қауесеттерге келер болсақ, бұған қатысты Владимир Путинмен ешқандай әңгіме болмағанын ашық айтамын. Кремль тарапынан да алдын ала ешқандай шарт айтылған жоқ.

Түптеп келгенде, Қазақстан үшін Ресей одақтас мемлекет. 2013 жылы Екатеринбургте тиісті шартқа қол қойылды. Айтпақшы, мен ол кезде Женевада едім. Сондықтан бұл шартты әзірлеуге қатысқаным жоқ. Онда Қазақстан мен Ресейдің одақтастық қатынастары туралы айтылған. Біздің елдеріміз арасындағы байланыстар Алматыдағы оқиғаларға дейін де әрдайым тығыз, сындарлы, әрі шын мәнінде серіктестік сипатта болды және жалғаса берді.

Мен ақпан айының ортасына қарай Ресей Президентінің шақыруымен Мәскеуге сапармен барамын. Сонда елдеріміз арасындағы ұзақмерзімді ынтымақтастыққа қатысты аса маңызды келісімге қол қоямыз.

– **Қасым-Жомарт Кемелұлы, интернеттің қауіпсіздік мақсатында сөндірілгені түсінікті. Осы кезде жұрт ақпарат ала алмай қалды. Түрлі ақпарат таралды. Енді шын мәнінде не болғанын ежіктеп түсіндіруге мәжбүр болып отырмыз...**

– Рас, біз ақпараттық тұрғыдан жеңілгенімізді мойындауымыз керек. Ешкім менің бұйрығымды да, іс-әрекетімді де толық түсіндіре алмады. Кейіннен мен өзім тікелей араласып, ана жерге барып ананы айт, мына жерге барып мынаны айт деп тапсырмалар беруге мәжбүр болдым. Яғни ақпараттық тұрғыдан жеңіліп қалдық. Сізбен келісемін. Алайда бізде оған уақыт болған жоқ. Өтіп кеткеннен кейін бәріміз ақылдымыз. Ол кезде біз туралы кімнің не айтатынын ойлайтын шама да болған жоқ. Мұндай жағдайда интернетті Қазақстанда ғана емес, басқа да бірқатар елде өшіреді. Себебі оны теріс пиғылды адамдар өз мақсаттарына пайдаланып кетеді. Бандиттік құрылымдардың командирлері арасында ақпараттық тұрғыдан арнайы дайындықтар өткен адамдардың болғанын атап өту керек. Демек жалған ақпараттар легі, фейктер үздіксіз ағылып жатты. Бұның Қазақстанға қарсы жан-жақты дайындалғандардың пайдасына жұмыс істегенін тағы да қайталап айтқым келеді.

– **Тұңғыш Президентке қатысты тақырыпқа нүкте қойсақ қайтеді. Сіз бен Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арасында қандай да бір келісім немесе уағдаластық болды ма? Өйткені ол телеарналар арқылы үндеу жасағанға дейін Сіздердің араларыңызда оның жеке басының және отбасы мүшелерінің артықшылықтарын сақтауға қатысты мәселе саудаға салынды деген қауесет бар.**

– Саудаға салу деген мәселе ешқашан болған емес. Жеке басының артықшылықтары жайлы да әңгіме қозғалған жоқ. Тек Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы мәртебесіне қатысты мәселені шұғыл шешу жөнінде әңгіме болды. Жасыратыны жоқ, жағдай ұшығып кеткендіктен, мен халыққа үндеу жасап, осы сәттен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы екенімді мәлімдейтін туралы мәселе көтердім. Бұл – сол сәтте шешілген мәселе. 28 қаңтарда «Нұр Отан» партиясының съезі өтті. Сонда мен сөз сөйлеп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи рөліне лайықты баға бердім. Бұл әділ баға деп есептеймін және алдағы уақытта халқымыз осыған тоқтайды деп үміттенемін.

– **Митингтер басталған кезде көптеген танымал азамат адамдарды көшеге шығуға шақырды. Жалпы, қоғамдағы түрлі жағдайларға қатысты пікір білдіріп жүретін зиялы қауым өкілдері мен танымал тұлғаларға қатысты Сіздің ойыңыз...**

– Тарихтың аумалы-төкпелі сәттерінде зиялы қауымның рөлі айрықша көрінеді. Басымыздан өткен трагедияға қатысты айтар болсақ, зиялыларымыз бен медиа тұлғалар есенгіреп қалған сияқты. Өйткені ол кезде ахуал тез өзгеріп жатты. Бейбіт шерушілердің орнына алғашында бұзақылар, кейіннен кәсіби бандиттер келді. Осы сәтте алаңдағы арпалысты кейбіреулер түсінбеді. Мүмкін кейбір бұқаралық ақпарат құралдары бейбіт шерушілерге қатысты жазалау шаралары қолданылды деп, бәрін әдейі бұрмалап көрсеткен шығар. Ал шын мәнінде, бұл қасіретті бастан өткірген біз іс жүзінде басқаша болғанын анық білеміз. Қазақстанға шабуыл ұйымдастырушылар алаңдағы жылдам өзгеріп жатқан аласапыранды әдейі ойластыруы мүмкін. Сөйтіп, жағдайды ұшықтырды. Мәселен, қалаға бандиттер кірген кезде Алматы тұрғындары олардың кімдер екенін түсінбестен, «міне жарады, көшеге шықты, билікке қарсылық таныттып жатыр» деп ұрандап, қолдау көрсетті. Сол кезде қала тұрғындары содырлардың бүкіл қаланы қиратып, отқа орап кететінін білген жоқ еді.

– **Енді, сүйікті қаламыз Алматы туралы айтар болсақ, қаланың Алматы, Алма-Ата атауларына қатысты әртүрлі пікір бар. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай? Сонымен қатар қала әкімі Бақытжан Сағынтаев пен оның орынбасарларына қатысты кадрлық өзгерістер бола ма?**

– Ал өзіңіз қалай ойлайсыз? Әкімнің орнында қалғаны дұрыс па әлде ауыстыру керек пе?

– **Сіз 26 мың адам қол қойған петицияны көрдіңіз бе?**

– Көрдім. Әкімге қатысты айтар болсақ, ол сол сәтте, шынмен де, абдырап қалды. Өмірінде бірінші рет осындай жағдаймен бетпе-бет келген шығар. Кез келген адам қысылғанда тығырықтан шыға білмейді. Сондықтан әкімді айыптағым келмеді. Ол міндетін адал атқаратын қызметкер. Дегенмен алматылықтардың пікірлерін білсе керек. Уақыты келгенде атауына қатысты. Қазір – бір. Екінші, қала атауына қатысты. Қазір

шешім қабылдап, барлық құжаттарды қайта өзгертудің қажеті не? Алматы деп атау қазақтілді жұртшылыққа қолайлы, ал орыс тілінде Алма-Ата деп айту ыңғайлырақ. Ендеше, былай келсеіік, қаланың ресми аты Алматы болып қалсын. Ал қала тұрғындары мен қаламызға бейжай қарамайтын азаматтар өздеріне қалай ыңғайлы болса, солай атай берсін.

– **Сіз бизнесмендермен өткен кездесуде жастардың техникалық мамандықтарға көбірек бейімделуі керек екенін айттыңыз. Ол үшін Ресейде білім алын дедіңіз. Осы бастаманы сынап жатқандар да бар. Олар неге Батыста емес, Ресейде оқу керек деген уәж айтады. Сіз, шынмен, Ресейдің білім беру жүйесін озық деп есептейсіз бе?**

– Ресейде техникалық білім беру сапасы жоғары. Бұл бәріне белгілі. Мысалы, Мәскеуде МФТИ, Бауман училищесі, Новосібір университеті, Томск университеті және басқа да жоғары оқу орындары бар. Әрине, ешкімді міндеттемейміз. Ол жай ғана Ресейге оқуға жіберген дұрыс деген ұсыныс болатын. Біріншіден, тіл мәселесінде кедергі жоқ. Екіншіден, екі ел стратегиялық серіктес, ірі бизнеске қатысты бірлескен кәсіпорындарымыз да бар. Бізге Ресейде оқып, техникалық мамандық алған кадрлар қажет. Кейбіреулер Батыста білім алғысы келеді. Оларға да еш кедергі жоқ. Бірақ ол жақтың білімінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін түсіну керек. Батыстың білімін идеал тұтпас едім. Олардың университеттері де диплом басып шығаратын кеңселерге айналып кеткенін білеміз. Жасыратын несі бар, біздің кейбір жастарымыз Батыстағы «ақшанды төле де, біраз уақыттан кейін дипломыңды ал» дейтін оқу орындарында оқыған. Онысын танымал университет бітірдім деп, тым әсірелеп жібермеді.

– **Бизнесмендермен өткен кездесуде елімізде әлдебір олигополия қалыптасқанын айттыңыз. Бұл сөзіңіздің астарында не жатыр? Ат төбеліндей аз ғана іскерлер тобы экономиканың негізгі секторларын бақылап отыр дегеніңіз бе?**

– Иә, шын мәнінде, бұл алаңдататын өзекті мәселе. Олигополия дегеніміз не? Ол – экономиканың негізгі секторларын аздаған адамдар тобының толығымен бақылауы. Өкінішке қарай, бізде осындай жағдай қалыптасқан. Сол аз ғана адамдардың тобы жоғары басшылыққа өте жақын болып, мемлекет тарапынан қабылданатын шешімдерге ықпал еткен. Бұл жағдай бізде де бар.

– **Әрине, біз мұны түсіндік. Ал енді не істейміз?**

– Жұмыс өте көп. Ең алдымен, орта және шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің санын көбейтуіміз керек. Басқа жолы жоқ. Соларға жағдай жасап, несие ресурстарының қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Біздің экономикамыз соншалықты үлкен деп айта алмаймыз. Қазір суразиялық интеграцияның дұрыс немесе бұрыс екенін саралап отыратын уақыт емес. Қалай болғанда да, суразиялық кеңістікте өмір сүріп жатқанымызды мойындауымыз керек. Сондықтан оған бейімделіп, мемлекет мүддесі тұрғысынан интеграцияның игілігін көруге ұмтылған абзал. Бұл біздің Үкіметіміз үшін ауқымды әрі өте күрделі жұмыс. Үкімет қызметінің осы бағытына ерекше мән беремін. Бұған жауапты министр Премьер-Министрдің орынбасары деген мәртебеге ие болды. Өйткені ол Мәскеуде де, Еуразиялық экономикалық комиссия жүзінде да тең дәрежеде келіссөз жүргізе білуге тиіс.

# ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ БАЛАЛАР СПОРТЫН ДАМУЫҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

## «ХАБАР» ТЕЛЕАРНАСЫНА BERГЕН СҰХБАТЫ

– Сіз Парламентте сөйлеген сөзіңізде қыркүйек айында әлдебір саяси-экономикалық реформалардың топтамасын ұсынатыныңызды айттыңыз. Қандай реформалар екенін білуге бола ма? «Егер бірденің өзгертіңіз келсе, одан құтылу керек» деген сөз бар. Бұрынғының бәрін жойып, қайтадан бастаймыз ба?

– Мен кадрлардың бәрін ауыстыруға қарсымын. Біріншіден, оларды біліктілігі мен жұмыстарының сапасына қарай бағалау керек. Жұрттың талабы осы екен деп Үкіметті жүз пайыз өзгертіп, «Міне, мен келдім, мен – революционермін» деу – менің тәсілім емес.

Екіншіден, кадр да көп емес. Осы орайда мынадай бір әзіл-әңгіме бар, бәлкім бұл рас болуы да мүмкін. Бірде Берия Сталинге келіп, «Жазушыларға шара қолдану керек. Фадеев ішеді, Шолохов ішеді, Вишневский ішеді, Симонов ішеді, Алексей Толстой да бұдан кет әрі емес», – дейді. Сталин оған: «Менің басқа жазушыларым жоқ», деген екен.

Бұл жерде де лайықты министрлерді іздеу керек. Көшеден әкеліп тағайындай салуға болады. Ондай жағдай әлем тарихында да бар. Бірақ бұл тұрақсыздыққа әкелуі, бүкіл жүйені шатқаяқтап жіберуі мүмкін. Сондықтан кадр мәселесіне мұқият болған жөн. Алдағы уақытта жан-жақты ойластырылған, пысықталған өзгерістер жасалатыны анық. Біз, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінің аясында ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалаймыз. Қаңтардағы қайғылы оқиғалар бұл мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетті. Сондықтан осы проблеманы көп созбай шешу қажет.

– Аталған реформаларды жүзеге асыру үшін қанша уақыт керек?

– Реформалардың мәні адамдарды өзгерту емес. Реформалар, ең алдымен, жүйені өзгерту немесе жүйенің кемшіліктерін түзетіп, оның қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізу деген сөз. Алда болатын кейбір оқиғаларға болжам жасай отырып, еліміздегі парламент пен партия жүйесін реформалау жөнінде ойларым бар. Мемлекет басшысы ретінде бұл туралы 28 қаңтарда өткен партияның съезінде айттым. Президент қоғамдық-партиялық және саяси құрылымдардың бәрінен біршама жоғары тұруға тиіс деп санаймын. Өртүрлі қоғамдық-саяси күштерді мемлекетіміздің мүддесіне жұмылдыра білуіміз керек.

– Иә, бәлкім, елімізде лайықты оппозиция бірте-бірте қалыптасар. Әйтпесе, меніңше, оппозиция деген жай сөз ғана сияқты.

– Әрине, оппозиция бізде бар, бірақ көбінесе көшеде ғана. Сізбен келісемін. Білік партиясының өзінде де оппозиция бар. Бұған дейін айтқанымдай, партия қоғам қажеттіліктерін ескере отырып, қайта құрылуға тиіс. Мәжілісте бірнеше күшті партиялар болуы керек деп санаймын. Тіпті Үкіметті жасақтау кезінде конституциялық басымдық болмаса, олар ортақ мәмілеге келуі керек. Бізге

саяси мәдениет қалыптастырып, саяси қайраткерлерді өсірген жөн. Себебі мұндай экстремистік жағдайларда бізге қоғамдық популизм мен экзальтация қажет емес. Мысалы, Германияда барлығы да мәдениетті түрде өтеді. Партиялар ауысады. Адамдар байсалды сөз сөйлейді. Басқа партиялар оларды тыңдап, белгілі бір мәмілеге келеді. Үкіметтегі негізгі лауазымдарға өздерінің адамдарын ұсынады. Уақыт өте келе, біз де осыған келеміз деп ойлаймын. Мен Президент болып тұрған кезде осы нәтижеге қол жеткізім келеді.

– Шын мәнінде, қазіргі уақытта халық Сізден зор үміт күтеді. Елімізде өзгеріс жасай алатын Президент бар деп түсінеміз. Бұрын мұндайды сезінбейтін едік...

– Бұрынғының бәрін сынап бермейк. Қалай болғанда да, бұл – біздің тарихымыз. Бірақ менің Президент ретіндегі басты міндетім – бүкіл қоғамды және барлық саяси жүйені, соның ішінде экономиканы трансформациялаудың оң нәтижесіне қол жеткізу. Қазақстан халқына арнаған ең алғашқы Жолдауымда саясат пен экономика қатар жүретінін айтқан едім. Қазіргі тарихи жағдайда бүгін экономикамен айналысамыз, ал саясат күте тұрады деп айта алмаймыз. Экономикалық жаңғыруды қарқынды жүзеге асыруда саясат та маңызды рөл атқаратыны белгілі. Түптеп келгенде, баршамыз Марксты оқыдық, әсіресе, менің замандастарым. Бұл жөнінде Маркстың: «Негіз – бұл экономикалық базис. Бірақ экономикалық базиске ықпал ететін саяси құрылым бар. Кейде экономикалық базиске қарағанда, саяси құрылым әлдеқайда маңызды рөл атқарады» деген ой-тұжырымы бар. Сондықтан қоғамды саяси трансформациялаумен қатар экономиканы қайта жаңғыртуды да бірге алып жүру керек. Бұл – менің миссиям. Қанша уақыт Қазақстан Президенті болатынымды білмеймін. Бірақ нақты білетінім, Конституцияға сәйкес екі мерзімнен ұзақ отыра алмаймын. Яғни ешқандай заңға, әсіресе Конституцияға өзгерістер енгізілмейді.

– Сот жүйесіне реформа жасала ма?

– Турасын айтайын, сот жүйесіне алаңдаушылықтың болуы заңды. Қазіргі уақытта реформа жүргізіліп жатыр. Оның қалай және қандай қарқынмен іске асырылып жатқаны – басқа мәселе. Мен кәсіпкерлермен өткен кездесуде бұрын болмаған Әкімшілік істер жөнінде алқа құру туралы айттым. Бұл құрылым кәсіпкерлік мәселелерді, инвестициялық дауларды қарастырумен айналысады. Қазір біз судьяларды іріктеу кезінде шешуші рөл атқаруға тиіс Жоғарғы Сот кеңесінің мәртебесін біршама күшейтіп келеміз. Судьялар корпусына кәсіби судья емес адамдарды да жібердік. Кәсіби судья әділ төреліктің кепілі деген сөз емес қой. Сол сияқты корпоративтік сектор мен басқа да салаға мамандарды жолдап отырмыз.

Яғни судьялардың кәсіби құрамына өзгеріс жасау қажет. Оларға қойылатын басты талап – адалдық пен әділдік.

– Сіздің бастаманызбен құрылған «Қазақстан халқына» қорының қамқоршылық кеңесі жасақталды. Қазірдің өзінде 20 миллиард теңгеден астам қаржы түскен. Мүмкін, оның жұмыс істеу тетігі әлі де нақтыланбай отырған шығар. Өйткені олигархтар қорға ақша аударуға асығар емес. Бұл үрдіс тұрақты болу үшін оларға қатысты қандай да бір шара қолданыла ма?

